

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында жүк көлік құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын енгізу туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 мамырдағы N 436 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2004 жылғы 16 сәуірде Чолпон-Ата қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында жүк көлік құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын енгізу туралы келісім мынадай ескертумен бекітілсін :

"Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында бөлінбейтін ірі көлемді және ауыр салмақты жүктөрді тасымалдау жағдайларын қоспағанда, ірі көлемді және ауыр салмақты автомобиль тасымалдарына рұқсат берілмейді".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министри*

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы  
мемлекеттердің аумақтарында жүк көлік құралдарын  
өлшеудің халықаралық сертификатын енгізу туралы  
КЕЛІСІМ**

Ресми куәландырылған мәтін

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын - осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің Үкіметтері,

халықаралық автомобиль жүк тасымалдары саласындағы келісілген іс-қимылдардың және оларды жүзеге асыру жағдайларын біріздендірудің халықаралық қатынастағы кедергілерін жою қажеттілігін негізге ала отырып,

2000 жылғы 20 маусымдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Үкіметтерінің басшылары кеңесінің шешімімен бекітілген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын дамыту жөніндегі 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған іс-қимылдар бағдарламасын, 1997 жылғы 9 қазандығы Ортақ көліктік кеңістік құру қағидаттараты мен ТМД қатысушы мемлекеттердің көлік саясаты саласындағы өзара іс-қимыл шарттары туралы келісімді, 1999 жылғы 4 маусымдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы

мемлекеттердің аумақтары арқылы транзит тәртібі туралы келісімді іске асыру  
мақсатында

төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

Осы Келісімде пайдаланылатын терминдер мынаны білдіреді:

**халықаралық автомобиль тасымалдары** - Тараптардың аумағында тіркелген көлік құралдарымен Тараптардың ең болмағанда бірінің шекарасын кесіп өтіп жүктеді тасымалдау, соның ішінде олардың аумақтары арқылы транзитпен тасымалдау;

**көлік құралы** - механикалық жол көлік құралы, сондай-ақ осындай көлік құралымен сүйретуге арналған тіркеме немесе жартылай тіркеме;

**тасымалдаушы (көлік операторы)** - тасымалдау шартына сәйкес жүк тасымалына жауап беретін не осы тасымал үшін үшінші тарапты пайдаланатын тұлға;

**жүк көлік құралдарын өлшеудің халықаралық сертификаты (сертификат)** - Тараптардың құзыретті органдары уәкілеттік берген өлшеу станциясы беретін көлік құралының салмақтық параметрлері туралы шынайы деректерді қамтитын құжат;

**өлшеу станциясы** - көлік құралын өлшеуді жүргізетін және белгіленген үлгідегі сертификат беретін, Тараптың құзыретті органдары уәкілеттік берген өлшеу пункті;

**бақылаулық өлшеу** - көлік құралын мынадай жағдайларда өлшеу:

- сертификатта және жол құжаттамасында (CMR, CARNET TIR) көрсетілген салмақ сипаттамаларының сәйкес болмауы;

- жүкті қоса тиеу, жартылай түсіру не басқа көлік құралына қайта тиеу, сондай-ақ жүкті басқа кедендей тәртіпке беру кезінде;

- сертификатта (3-баған) көрсетілген деректердің және бақылаудағы көлік құралы (көлік құралының түрі, тіркеу нөмірлері) туралы деректердің сәйкес болмауы;

- ерекше салмақ сипаттамасының сертификатта (8-баған) көрсетілген деректерге сәйкес болмауы.

## 2-бап

1. Осы Келісім Тараптар аумағындағы сертификатты пайдалану тәртібін реттейді.

2. Сертификат Тараптар арасындағы шекаралардан өту рәсімін оңайлату мақсатында, соның ішінде Тараптар аумағында көлік құралдарын қайта-қайта өлшеуді болдырмау үшін беріледі.

## 3-бап

1. Тараптар Тараптардың бірі берген сертификатты қабылдайды және өзара м о й ы н д а й д ы .

2. Сертификат типографиялық әдіспен жасалады және оның қорғану жүйесі болады. Сертификаттың мазмұны осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Қосымшада (бұдан әрі - Қосымша) көрсетілген.

3. Сертификат бланкілерін Тараптардың әрқайсысының құзыретті органдары орыс тілінде басып шығарады, сертификаттың белгіленген көлемі және оның тармақтарының

орналасуы сақталған жағдайда Тараптардың әрқайсысы мемлекеттік тілде қоса  
шығаруы мүмкін.

4. Сертификат бланкілері қатаң есептегі бланкілер болып табылады.

#### 4-бап

1. Сертификатты пайдалану бойынша Тараптардың құзыретті органдарының іс-қимылын ақпараттық қамтамасыз етуді және ұсыныс түрінде үйлестіруді ТМД қатысуши мемлекеттердің үйлестіруші көлік кеңесімен (бұдан әрі - ТМД ҮКК) бірлесіп, Үкіметаралық жолшылар кеңесі (бұдан әрі - ҮЖК) жүзеге асырады.

2. Тараптардың құзыретті органдары тиісті Тараптар аумағында өлшеу станцияларының тізбесін қалыптастырады және ҮЖК хабардар етеді. ҮЖК-і ТМД ҮКК-мен бірлесіп көрсетілген тізбелерді Тараптардың барлық құзыретті органдары мен көлік әкімшіліктеріне жеткізеді.

3. Өлшеу станцияларына оларды тіркеу кезінде қойылатын міндettі талаптар және көлік құралдарын өлшеу үшін пайдаланылуы тиіс жабдықтардың негізгі сипаттамалары Қосымшада берілген.

#### 5-бап

1. Көлік құралын қосымша, соның ішінде бақылаулық өлшеу, 1-баптың 7-абзацында айтылып откен мән-жайларды қоспағанда, жүзеге асырылмайды.

2. Бақылаулық өлшеудің нәтижесі сертификаттың 10-бағанына жазылады.

3. Тараптардың құзыретті органдары бақылаулық өлшеу нәтижелері туралы өз мемлекетінің кедендей органдарын хабардар етеді.

4. Сертификаттың 7.2, 7.3-тармақшасында көрсетілген деректер мен нақты салмақ арасында 2% аса ауытқулар табылса, Тараптардың әрқайсысының заңнамаларына сәйкес тасымалдаушы жауапты болады.

Осы факт туралы ақпарат аумағында сертификат берілген және көлік құралы тіркелген Тараптардың құзыретті органдарына шара қолдану үшін жеткізіледі.

5. Егер уәкілдегі станциядағы көлік құралдарын өлшеу нәтижесінің жүйелі ауытқулары 2% асса, станция өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес тіркеуден айырылуы мүмкін.

#### 6-бап

1. Сертификатты тасымалдаушыларға көлік құралының жолында орналасқан артуорында не бірінші өлшеу станциясында Тараптардың құзыретті органдары береді.

2. Сертификатта көрсетілген салмақ сипаттамасы, Тараптар аумағында қолданылатын рұқсат етілген салмақ параметрлерінің мәндерінен асқан кезде, тасымалдаушы белгіленген тәртіппен Тараптардың заңнамаларында белгіленген тиісті алымдар мен баждар төлеуге міндettі.

#### 7-бап

Осы Келісім, олар мүшесі болып табылатын халықаралық автомобиль қатынасы жөніндегі басқа халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

8-бап

Тараптардың құзыретті органдары осы Келісімді іске асыру мақсатында өздерінің қолданылып жүрген нормативтік құқықтық кесімдері мен оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ халықаралық жүк автомобиль тасымалдары үшін мәні бар және осы Келісімге басқа қатысуши мемлекеттердің мұдделеріне қатысы бар өзге де жағдайлар туралы, қажетті ақпаратты ұсынады.

9-бап

Осы Келісім, оған қол қойған Тараптар барлық қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші хабарлама депозитарийға сақтауға тапсырылған күннен бастап **кушіне** **енеді**.

Қажетті рәсімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін, ол тиісті құжаттар депозитарийға сақтауға тапсырылған күннен бастап күшіне енеді.

## 10-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша, жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің 9-бабының ережелеріне сәйкес күшіне енеді және оның ажырамас бөлігі болып табылады

11-бап

Осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға байланысты даулы мәселелер, мұдделі Тараптардың келіссөздері арқылы шешіледі.

12-бап

Осы Келісім күшіне енген күннен бастап 5 жыл бойы қолданыста болады. Егер Тараптар басқа шешім қабылдамаса, бұл мерзім өткеннен кейін осы Келісім келесі бесжылдық кезеңге өздігінен үзартылады.

13-бап

Осы Келісім Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына басқа қатысушы мемлекеттердің, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы болып табылмайтын, оның мақсаттары мен қағидаттарын бөлісетін үшінші мемлекеттердің осындай қосылу туралы құжаттарды депозитарийға беруі арқылы қосылуы үшін ашық.

Егер депозитарий тиісті хабарлама жібергеннен кейін үш ай ішінде Тараптардың бірде бірі бұған қарсы шықпаса, үшінші мемлекеттердің қосылуы күшіне енді деп есептеледі.

14-бап

Әрбір Тарап шығу күніне дейін 6 алты айдан кешіктірмей депозитарийға жазбаша хабарлама жіберіп, осы Келісімнен шыға алады.

Чолпон-Ата қаласында 2004 жылғы 16 сәуірде бір тұпнұсқа данада орыс тілінде

жасалды. Тұпнұсқа дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының атқарушы комитетінде сақталады, осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Әзіrbайжан Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Армения Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Грузия Үкіметі үшін

Түркіменстан Үкіметі Үшін

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Қыргыз Республикасының

Үкіметі үшін

Молдова Республикасының

Ресей Федерациясының

Тәжікстан Республикасының

Өзбекстан Республикасының

Украина Үкіметі үшін

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына

қатысуышы мемлекеттердің аумақтарында

жұк көлік құралдарын өлшеудің

халықаралық сертификатын енгізу

туралы келісімге қосымша

Жұк көлік құралдарын өлшеудің халықаралық сертификаты (сертификат) осы қосымшада келтірілген нұсқаға сәйкес болуы тиіс және сипаттамасы осы Келісімде келтірілген рәсімге сәйкес әрбір Тараптың уәкілетті үкімет органының бақылауымен берілуі және пайдалануы тиіс.

Сертификат бланкілерін басу кезінде Тараптар ең кемінде үш қорғану дәрежесін көздеуі тиіс. Олардың мазмұны мен оларды бірегейлендіру нысаны Тараптарға ҰЖК Хатшылығы және ТМД ҰКК Атқару комитеті арқылы жеткізіледі.

Көлік операторларының сертификатты пайдалануы факультативті болады.

## 1. СЕРТИФИКАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ БЕРУ РӘСІМІ

1.1. а) уәкілетті өлшеу станциясының қызметкері және б) көлік операторлары жұк автомобилінің жүргізушилері тиісті түрде толтырған сертификат Тараптардың уәкілетті органы жүргізген өлшеулер туралы шынайы мәліметтерді қамтитын құжат ретінде қабылданады және моянындалады.

1.2. Сертификатты Тараптардың аумақтарында пайдалану оны берген мемлекетке, сондай-ақ TIR немесе көлік құралының жұк бөлігіне рұқсат етілмеген енуді болдырмайтын өзге де рәсім бойынша халықаралық жұк тасымалын жүзеге асыратын көлік құралының тіркелуіне байланысты емес.

1.3. Сертификат көлік құралы кіретін елде берілген жағдайда (оның қай елде тіркелгеніне қарамастан) осы Келісімге қатысуыш болып табылмайтын мемлекеттердің аумағынан жүктөрді халықаралық транзиттік тасымалдау жүзеге асырылған кезде

Тараптардың аумағында көлік құралының массасын өлшеу бірінші Тараптың аумағына  
кірген кезде ғана жүргізіледі.

1.4. Құзыретті органдар сертификаттағы ақпаратты шынайы ретінде мойындайды  
және қосымша өлшеулер жүргізбейді.

1.5. Құзыретті органдар оператордың талабы бойынша көлік құралының салмағын  
мыйнадай жағдайларда өлшей алады:

- сертификатта және жол құжаттамасында (CMR CARNET TIR) көрсетілген салмақ  
сипаттамаларының сәйкес болмауы;

- жүкті қоса тиеу, жартылай түсіру не басқа көлік құралына қайта тиеу, сондай-ақ  
жүкті басқа кедендік тәртіпке беру кезінде;

- сертификатта көрсетілген деректердің және бақылаудағы көлік құралы (жүк  
автокөлік құралының түрі, мемлекеттік тіркеу нөмірлері) туралы деректердің сәйкес  
б о л м а у ы ;

- ерекше салмақ сипаттамасының сертификатта (8-баған) көрсетілген деректерге  
сәйкес б о л у ы .

1.6. Бақылаулық өлшеудің нәтижесін станция қызметкері сертификаттың 10-  
бағанына енгізеді. Сертификаттың 10-бағаны көлік құралын өлшеу құқығына рұқсаттар  
(лицензиялар) беру кезінде станция қызметін бағалау үшін негіз болып табылады.

1.7. Осы сертификатты ресімдеу үшін өлшеуді, жүк автокөлік құралы Тараптардың  
бірінің аумағында тіркелген көлік операторының/жүргізушиңің ұрау салуы бойынша  
үәкілеттендірілген өлшеу станциялары, мөлшері ұсынылған қызметтер көлеміне қарай  
белгіленетін құн бойынша жүргізеді.

## **2. УӘКІЛЕТТЕНДІРІЛГЕН ӨЛШЕУ СТАНЦИЯСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

2.1. Уәкілеттендірілген өлшеу станциялары көлік құралының операторымен/  
жүргізушимен бірге жүк көлік құралын өлшеудің халықаралық сертификатын  
мыйнадай ең аз талаптарға сәйкес толтырады:

А. Өлшеу станциясында Тараптардың өлшеу қуралдарының Мемлекеттік тізіліміне  
енгізілген таразылар қолданылуы керек. Таразылар дәлдік бойынша 0,5; 1,0; 2,0 дәлдік  
класына сәйкес болуы керек. Таразы орнатылған жол участкесі көлік құралын рұқсат  
етілген қателіктен аспайтын қателікпен өлшеуін қамтамасыз ету мақсатында  
а т т е с т а т т а л у ы тиіс.

Б. Тараптардың құзыретті органдары тіркеу немесе бағалау, тиісті өлшеу  
қуралдарын пайдалану персонал біліктілігі сияқты қуралдардың көмегімен өлшеу  
станцияларының барынша құзыреттілігін қамтамасыз етеді.

В. Өлшеу жабдықтары жұмыс қүйінде ұсталуы керек. Ол өлшемдер және таразылар  
саласындағы талаптардың сақталуына жауапты құзыретті органның тұрақты  
метрологиялық аттестаттаудан (тексеруден) өтуі тиіс.

Өлшеу жабдығы және оның барынша көп рұқсат етілген қателігі, сондай-ақ

пайдалану тәртібі, Халықаралық заңнамалық метрология жөніндегі ұйымның ұсынысына сәйкес болуы тиіс.

2.2. Көлік құралдары массасының физикалық мөлшерінің накты мәнін анықтау кезінде өлшеу жабдығының дәлдік класы мен рұқсат етілген қателігін белгілейтін нормативтік құжат басшылыққа алынуы тиіс (көлік құралдарын өлшеу кезінде өлшенген салмақтан алып тастау арқылы анықталған рұқсат етілген қателікті пайдаланбаған жөн, өйткені өлшеу станцияларындағы таразы құрылғылары рұқсат етілген шекте болғанда теріс және оң режимде жұмыс істей алады, бұл ең үлкен рұқсат етілген қателік шектерінен асып кетуге соқтыруы мүмкін).

2.3. Тараптардың құзыретті органы барлық уәкілеттендірілген өлшеу станцияларының тізбесін жариялады. Осы тізбелер, сондай-ақ оларға енгізілген кез келген өзгерістер басқа Тараптарға, УЖК Хатшылығы мен ТМД УКК Атқарушы комитетіне мүдделі ұйымдар мен пайдаланушыларға тарату үшін жіберіледі.

### **3. ЖҮК КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ӨЛШЕУДЕҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРТИФИКАТЫНЫҢ МАЗМҰНЫ**

Жүк көлік құралдарын өлшеудің халықаралық сертификаты мынадай бағандар мен бөлімдерден тұрады.

#### **Көлік құралын өлшеуге дейін жүргізуші толтырады**

1-баған. Көлік операторы туралы мәлімет:

- көлік операторының атауы (толық мекен-жайы, елін қоса алғанда);
  - телефон нөмірі;
  - факс нөмірі;
  - электрондық почтасының атауы.
- 2-баған. N... тасымалдау шарты:
  - CARNET TIR (егер қолданылса);
  - CMR (егер қолданылса).

3-баған. Жүк көлік құралы туралы мәлімет:

- автомобиль мен оның тіркемесінің тіркеу нөмірі;
- автомобиль мен тіркеменің аспа жүйесі.

#### **Уәкілеттендірілген өлшеу станциясының қызметкері толтырады**

4-баған. Уәкілеттендірілген өлшеу станциясы туралы мәлімет (коды, атауы және мекен-жайы, елін қоса алғанда):

- өлшеу жабдығының дәлдік класы туралы мәлімет.

5-баған. Өлшеніп жатқан көлік құралының нөмірі.

6-баған. Сертификаттың берілген күні (күні, айы, жылы).

7-баған. Өлшеу нәтижесі (өлшеу станциясының ресми түпнұсқа жазбасы қоса берілген):

- жүк көлік құралының түрі;
- білікке түсетін салмақты өлшеу;

- т о л ы қ с а л м ағ ы н ө л ш е у .

8-баған. Ерекше салмақ сипаттамасы:

- қозғалтқышқа қосылған отын бактерін толтыру деңгейі;
- салқындану қондырғыларына арналған бактерді қоса алғанда отын бактерін т о л т ы р у д ең г е й і ;

- қосалқы шиналардың саны;
- өлшеу кезіндегі көлік құралындағы адамдар саны;
- көтергіш біліктің болуы.

Көлік куралы өлшемгеннен кейін жүргізуші толтырады

9-баған. 1-8 бағандарды толтыру дұрыстығын растау:

- көлік құралы жүргізушісінің (жүргізушілерінің) аты, тегі, әкесінің аты;
- ескертүлөр (егер болса).

**Уәкілеттендірілген өлшеу станциясының қызметкері айрықша (бақылау) жағдайда толтырады**

10-баған. Бақылаулық өлшеу жүргізілген күн және бақылаулық өлшеу жүргізген қызметкерлердің аты мен қолдары. Ескертулер (бақылаулық өлшеудің нәтижесі).

## **4. СЕРТИФИКАТҚА ҚОСЫМША**

Сертификатқа қосымша түсіндірме сипатта болады және сертификаттың 7.1-бағанында көрсету талап етілетін автокөлік құралдары түрлерінің, соның ішінде:

## I. Жүк автомобилдерінің;

## II. Көлік құралдары құрамының;

III. Тіркелген көлік құралдарының сұлбалық суреттерін қамтиды.

ТМД қатысушы мемлекеттердің аумақтарында жүк көлік құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын енгізу туралы келісім туралы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Укімет басшыларының Кеңесі күн тәртібінің 1-тармағына Казақстан Республикасының ескертпесі

2004 жылғы 16 сәуір Чолпон-Ата қаласы

Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағы бойынша бөлінбейтін ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді тасымалдау жағдайларын қоспағанда ірі көлемді және ауыр салмақты автомобильдік жүк тасымалдарына рұқсат берілмейді.

## *Қазақстан Республикасының*

## *Премьер-Министр*